

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын тәуліктік балапандарға, күркетауықтарға, үйректерге, қаздарға, түйеқұстарға және құстардың осы түрлерінің инкубациялық жұмыртқаларына ветеринариялық сертификат нысанының 3-тармағына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 186 шешімі

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 17-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 19-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті:**

1. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын тәуліктік балапандарға, күркетауықтарға, үйректерге, қаздарға, түйеқұстарға және құстардың осы түрлерінің инкубациялық жұмыртқаларына ветеринариялық сертификат нысанының (№ 14 нысан) 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өнімнің шығарылған жері

Кәсіпорнының аты, мекенжайы, әкімшілік-аумақтық бірлік:

инкубатор: _____

асыл тұқымды зауыт: _____

шаруашылық*:

№	Шаруашылықтың №	Шаруашылықтың аты	Шаруашылықтың мекенжайы	Әкімшілік-аумақтық бірлік

* Жеткізілім тікелей шаруашылықтан жүзеге асырылатын не тауар шаруашылықтардан шығарылып, ал жөнелтуші кәсіпорыннан тиелетін жағдайларда толтырылады. Жеткізілімдер көп дегенде 5 шаруашылықтан жүзеге асырылатын кезде шаруашылықтардың тізімі жасалады, оған экспорттаушы елдің мемлекеттік/ ресми ветеринариялық дәрігері қол қояды және осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылады. "Шаруашылықтың №" графасында экспорттаушы елдің құзыретті органы берген (бар болған кезде) нөмірі көрсетіледі."

2. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне сәйкес әзірленген, №14 нысан бойынша шығарылған ветеринариялық сертификаттың

бланктері осы Шешім күшіне енгенге дейін, 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін пайдаланылады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК